Ақтөбе қаласы әкімдігінің
ҚАУЛЫСЫ

**19.04.2024 ж.** **№2086**

# «ЭНЕРГИЯКОМПЛЕКТ» ЖАУАПКЕРШІЛІГІ ШЕКТЕУЛІ СЕРІКТЕСТІГІНІҢ ЖЕКЕМЕНШІК ҚҰҚЫҒЫНА БЕРІЛГЕН ЖЕР УЧАСКЕСІН МЕМЛЕКЕТ МҰҚТАЖЫ ҮШІН МӘЖБҮРЛЕП ИЕЛІКТЕН ШЫҒАРУДЫ БАСТАУ ТУРАЛЫ

Қазақстан Республикасының Жер Кодексінің 18, 84, 85, 88-баптарына, Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 1 наурыздағы №413 «Мемлекеттік мүлік туралы» Заңының 6-бөліміне, Қазақстан Республикасының «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Заңының 31, 37- баптарына сәйкес «Ақтөбе облысының жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары басқармасы» ММ-нің хаты негізінде қала әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

«Энергиякомплект» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің Ақтөбе қаласы Астана ауданы, Сәңкібай батыр даңғылы, №70 «А» учаске мекенжайындағы көлемі 2495 шаршы метр жақын жатқан аумақты көріктендіру үшін жекеменшік құқығындағы жер учаскесін (кадастрлық нөмірі: 02-036-155-5383) мемлекет мұқтажы үшін мәжбүрлеп иеліктен шығару басталсын.

Жоғарыда көрсетілген жер учаскесін мемлекет мұқтажы үшін Ғ.Жұбанова көшесіндегі автомобиль жолын қайта жаңартуына байланысты мәжбүрлеп иеліктен шығару мерзімі — 2024 жылғы тамыз.

Келісім рәсімдерін жүргізу «Ақтөбе қаласының жер қатынастары бөлімі» ММ жүктелсін.

Жолығу мекенжайы: «Ақтөбе қалалық жер қатынастары бөлімі» ММ Ақтөбе қаласы, Алтынсарин көшесі, 2, 48-кабинет.

«Ақтөбе қаласының экономика және қаржы бөлімі» ММ мемлекет мұқтажы үшін алып қоюға байланысты жоғарыда көрсетілген жер учаскесін мәжбүрлеп иеліктен шығаруға бюджеттен қаржы қарастырсын.

«Ақтөбе қаласының жер қатынастары бөлімі» ММ заңмен белгіленген тәртіпте осы қаулыдан туындайтын тиісті шаралар қабылдасын, соның ішінде қаулы қабылданған сәттен бастап үш жұмыс күні ішінде осы қаулыны бұқаралық ақпарат құрылдарында жариялансын.

Осы қаулының орындалуын бақылау Ақтөбе қаласы әкімінің орынбасары С.А.Аманчинге жүктелсін.

**Ақтөбе қаласының әкімі А.БЕКЕТ.**

## Хабарландыру

**«Жанармай құю станциясының құрылысы орналасқан жері:**

Ақтөбе облысы Ақтөбе қаласы Алматы ауданы, 41-жол айрығы, №115 учаске» жобасы бойынша 4.05.2024 ж. бастап 14.05.2024 ж. дейін көпшілікпен талқылау түрінде қоғамдық тыңдаулар өткізіледі. Жобалық құжаттармен танысу, ескертулер мен ұсыныстар беру үшін Бірыңғай экологиялық порталда https://ecoportal.kz/ «Жарияланған қоғамдық талқылаулар» бөлімінде болады.

**Жобаға тапсырыс беруші** — «Науалы 2007» ЖШС.

**Жергілікті атқарушы орган** — «Ақтөбе облысы табиғи ресурстар және табиғатты пайдалануды реттеу басқармасы» ММ, тел.: 50-09-30.

## «Ақтөбе облысының табиғи ресурстар және табиғатты пайдалануды реттеу басқармасы» ММ

**ҚР ЭГжТРМ Экологиялық реттеу және бақылау комитетіне бастамашы – «Казахойл Актобе» ЖШС жоспарланып отырған қызмет туралы өтініш келіп түскенін хабарлайды.**

**Көзделіп отырған қызмет** — Әзірлеу жобасына толықтыру геологиялық құрылымы мен өнімді горизонттардың сипаттамаларын нақтылай отырып, 2020 жылы мұнай қорларын және 2022 жылы еріген газды қайта есептеу жөніндегі есеп негізінде жасалды.

Өтінішпен сайттарда танысуға болады: https://ecoportal.kz/ жария талқылаулар айдарында, https://www.gov.kz/memleket/entities/aktobe-zher-aidalanuy/activities/directions?lang=ru («қоғамдық талқылау» бөлімі).

Жұртшылық көзделіп отырған қызмет туралы мәлімдемеге қатысты өз ескертпелері мен ұсыныстарын беруге құқылы. Ескертулер мен ұсыныстарды қабылдауды ҚР ЭГжТРМ Экологиялық реттеу және бақылау комитеті электронды мекенжайда жүзеге асырады: kerk@ecogeo.gov.kz немесе 010000, Астана қ., Мәңгілік Ел көшесі, 8, Министрліктер үйі, 14-кіреберіс.

**Байланыс деректері:** 8(7172)74-08-33.

**Ескертулер мен ұсыныстарды қабылдау мерзімі:** 24.04.2024 ж. - 24.05.2024 ж.

## «Ақтөбе облысының табиғи ресурстар және табиғатты пайдалануды реттеу басқармасы» ММ

**ҚР ЭГжТРМ Экологиялық реттеу және бақылау комитетіне бастамашы – «Ж.Е.С.» ЖШС жоспарланып отырған қызмет туралы өтініш келіп түскенін хабарлайды.**

**Көзделіп отырған қызмет** – Ақтөбе облысы Мұғалжар ауданы Қандыағаш қ. а., Қандыағаш қ. аумағында жоспарлануда, «Қауіпті қалдықтарды кәдеге жарату полигоны».

Өтінішпен сайттарда танысуға болады: https://ecoportal.kz/ жария талқылаулар айдарында, https://www.gov.kz/memleket/entities/aktobe-zher-aidalanuy/activities/directions?lang=ru («қоғамдық талқылау» бөлімі).

Жұртшылық көзделіп отырған қызмет туралы мәлімдемеге қатысты өз ескертпелері мен ұсыныстарын беруге құқылы. Ескертулер мен ұсыныстарды қабылдауды ҚР ЭГжТРМ Экологиялық реттеу және бақылау комитеті электронды мекенжайда жүзеге асырады: kerk@ecogeo.gov.kz немесе 010000, Астана қ., Мәңгілік Ел көшесі, 8, Министрліктер үйі, 14-кіреберіс.

**Байланыс деректері:** 8(7172)74-08-33.

**Ескертулер мен ұсыныстарды қабылдау мерзімі:** 23.04.2024 ж. - 23.05.2024 ж.

## Құттықтаймыз!



***Мәртөк ауданының тұрғындары Бекберген-Марал!***

Әжемнің тәрбиесін көрген келін-баласы Бекберген-Марал 30 сәуірде 55 жасқа толады. Көгілдір көктемге ұласып келген мерейтойында өмірің көктем гүліндей жайнай берсін.

Жан серігің Маралмен бірге балаларың мен немерелеріңнің қызығына бөленіп, татулық таңын атыра беріңдер.

*Ақ жүзді, абыройлы болыңдар,*
*Қосақтарыңмен қоса ағарыңдар.*
*Жұптарың жазылмасын,*
*Жүрген жерлерің мерекелі болсын,*
*Отбасы, ошақ қасы, берекелі болсын!*

**Ізгі тілекпен: әкең Мыңбай, апаларың Алтынтаң, Айман-Ерғазы, Венера-Ерік, Назен-Қанат, Нұрлыгүл-Абай, Бекнұр, Альмира, Айгерім-Арман, балаң Ақерке, Меруерт, немерең Аяулым, Сардар, Алуа және жиендерің.**

## «Ақтөбе облысының табиғи ресурстар және табиғатты пайдалануды реттеу басқармасы» ММ

**Ақтөбе облысы бойынша экология департаментіне бастамашы - «АККУМ LTD KZ» ЖШС жоспарланып отырған қызмет туралы өтініш келіп түскенін хабарлайды.**

**Көзделіп отырған қызмет:** «Булашское учаскесінде көмірсутектерді іздеу бойынша барлау жұмыстарының жобасы» Ақтөбе облысындағы Булашское учаскесінде көмірсутектерді іздеу.

Өтінішпен сайттарда танысуға болады: https://ecoportal.kz/ жария талқылаулар айдарында, https://www.gov.kz/memleket/entities/aktobe-zher-aidalanuy/activities/directions?lang=ru («қоғамдық талқылау» бөлімі).

Жұртшылық көзделіп отырған қызмет туралы мәлімдемеге қатысты өз ескертпелері мен ұсыныстарын беруге құқылы. Ескертулер мен ұсыныстарды қабылдауды Ақтөбе облысы бойынша экология департаменті электронды мекенжайда жүзеге асырады: aktobe-ecodep@ecogeo.gov.kz.

**Байланыс ақпараты:** Ақтөбе қаласы, Сәңкібай батыр даңғылы, 1 (кеңсе), тел.: 8(7132)74-21-73.

**Ескертулер мен ұсыныстарды қабылдау мерзімі:** 24.04.2024 ж. – 24.05.2024 ж.

